

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ КОЛЛЕДЖДЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ЖАСТАРЫ»** атты  
(Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған)  
студенттік ғылыми-практикалық конференция

## **МАТЕРИАЛДАРЫ**



## **МАТЕРИАЛЫ**

студенческой научно-практической конференции  
**«ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ МОЛОДЕЖЬ  
НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА»**  
(к 25-летию Независимости Казахстана)

Алматы 2016

## СОДЕРЖАНИЕ

### Секция 1. Экономика: Новая модель роста и развития Независимого Казахстана

<i>Абдуллажанов А.</i> Социальное страхование населения Республики Казахстан .....	3
<i>Аркинов А., Саукамбекова М.</i> Перспективы совершенствования ипотечного кредитования в Республике Казахстан в условиях кризиса .....	6
<i>Бейсетай А., Атамбекова Г.</i> ҚР Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуы мен даму деңгейі және оның есептілігін жүргізу тәртібі (ХҚЕС 26) .....	8
<i>Бодылевская Т.</i> Проблемы преобразования отходов в доходы .....	12
<i>Боранхан И.</i> Аспекты политологического образования и ключевые ориентиры стратегии «Казахстан-2050» .....	14
<i>Ваховская В.</i> Глобализация Великого Шелкового пути: исторические и экономические аспекты развития .....	17
<i>Жанатаева Г.</i> Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму .....	19
<i>Жунусова Б.</i> Анализ конкурентноспособности отечественных продуктов .....	21
<i>Ибрагимова Д.</i> Организация учета и аудита в банках второго уровня Республики Казахстан .....	24
<i>Кан Л.</i> Модернизация финансовой грамотности населения Республики Казахстан .....	26
<i>Кувшинова К., Степанов Г.</i> Сущность и особенность применения японского метода управления «Кайдзен» в Казахстане .....	28
<i>Мейрамхан А.</i> Жастарды жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту мәселелерін шешу жолдары .....	30
<i>Муминов А.</i> Проблемы безработицы среди молодежи и пути их решения, для укрепления социальной стабильности в нашем обществе .....	31
<i>Оразаева А.</i> Формирование банковской политики с учетом международных стандартов .....	32
<i>Сабитов А.</i> Информационные технологии как действенный метод формирования современного рынка труда .....	35
<i>Сахнова С.</i> Индустриализация и экономический рост .....	37
<i>Торкин Э.</i> Новая модель экономического роста и развития Независимого Казахстана .....	40
<i>Турдиев Д., Кенесова А.</i> Модели для обеспечения принятия решений по управлению предприятиями .....	42
<i>Тілеуқабыл М.</i> Тәуелсіздігіміз тұғырым, еліміздің ертеңі .....	45
<i>Ульченко А.</i> Егеменді Қазақстан – мәңгілік ел .....	46

### Секция 2. Правоведение: Правосудие и правоохранительная система как инициатор преобразований и реформ

<i>Абетаева Ф., Блохина И.</i> правовые основы происходящих изменений в экономике, политике и социальной сфере .....	50
<i>Алаев И.</i> Борьба с коррупцией – как одна из главных проблем государства .....	53
<i>Әбілқасим Н.</i> Қазақстан Республикасының Адвокаттық қызметі .....	56
<i>Әбдімәлік Ж.</i> Ұлт – азаттық көтеріліс тәуелсіздігіміздің бастауы .....	60
<i>Әуелхан II.</i> Адвокатураның қалыптасуы және дамуы .....	63
<i>Бағашар Б.</i> Заң үстемдігін қамтамасыз ету .....	66
<i>Безответных А.</i> Административная ответственность несовершеннолетних .....	68
<i>Бигалиев И.</i> Қазақ хандығының ата заңдары .....	70
<i>Ержан Н.</i> Конституция – мемлекеттің дамуы мен тұрақтылығының кепілі .....	76
<i>Жұмағалиев М.</i> Құқық қорғау органдарын реформалау .....	78
<i>Кан Т.</i> Идентичность и единство .....	81
<i>Курбаналиев Қ.</i> Тәуелсіз Қазақстанның ата заңдары .....	83
<i>Қымыз Л.</i> Қазақстан Республикасының құқықтық жағдайы .....	87
<i>Токмурзаева С.</i> Ювенальная юстиция: альтернативные концепции .....	90
<i>Швалева Т.</i> Медиативное решение судебных споров .....	92

### Секция 3. Лингвистика: Знание языков – реалии сегодняшнего мира

<i>Абдыкадырова З.</i> Knowledge of languages is realities of today's world .....	95
<i>Алисова А.</i> Влияние молодежного интернет – сленга на чистоту русского языка .....	96
<i>Альмуханова Д., Жуматова А.</i> Английские надписи как экстралингвистический фактор влияния на культуру подростков .....	99
<i>Актаева А.</i> Психологизм в романе Ф.М. Достоевского «Преступление и наказание» .....	101
<i>Ахатова А., Беркымбаева А.</i> Қазақ есімдеріндегі мемлекеттік тілдің көрінісі .....	104
<i>Базилова К., Исабек М.</i> СМС – это новая форма общения XXI века .....	108



<i>Ботаева А.</i> Peculiarities of using sociocultural components in intensification of teaching English.....	110
<i>Жантурсын А.</i> English borrowings in modern Russian language.....	112
<i>Жангазы А.</i> Ақын-жыраулар тілі .....	114
<i>Жексенбинова К.</i> Глагол в произведениях Александра Блока .....	115
<i>Икрамов Д.</i> Истинности идеи Шолохова во благо всего человечества и его актуальность в современном мире .....	119
<i>Иманкулова А.</i> Білімді жастар – интеллектуалды ұлттың бастауы.....	122
<i>Медетова Л.</i> Жарнама тілінің психолінгвистикалық ерекшеліктері мәселелері .....	124
<i>Мочалова А.</i> Современные тенденции развития сокращения как способа словообразования в английском языке .....	126
<i>Мухтархан А.</i> Мои туристические маршруты.....	127
<i>Нарман Н.</i> Өзге тілдердегі түркізмдер.....	129
<i>Оразақын М.</i> Қазақстандағы тіл саясаты және оның этносаралық қарым-қатынастарға ықпалы.....	131
<i>Прусакова Е.</i> Business English – idioms and expressions .....	134
<i>Сихимбаева С.</i> The easiest way to learn English is-Globish.....	135
<i>Толыбай Д.</i> Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы тұрмыс-салт, әдет-ғұрып бейнелеуінің ерекшеліктері.....	137
<i>Убайдулла А.</i> Изучение рифмованных словарей – условие формирования полиязычной и поликультурной личности .....	138

**Секция 4. Общеобразовательные дисциплины:  
Всесторонне развитая и интеллектуальная молодежь, реализующая новую модель  
современного общества**

<i>Абдуллаева Р.</i> Интеллектуально развитая молодежь – будущее страны.....	144
<i>Акпер А.</i> Менің Отаным-Қазақстан.....	147
<i>Ахетова Қ.</i> Түйе сүтінің биологиялық маңызы .....	149
<i>Әбдіқасым А.</i> Алашорда қайраткерлерінің педагогикалық мұрасы .....	150
<i>Бекіш Б.</i> Таза табиғат – халық байлығы .....	152
<i>Бекмаганбетова Ж.</i> «Мәңгілік Ел» идеясы .....	155
<i>Бисенбекова Г.</i> Заманауи қоғамның дамуының жаңа моделін іске асыратын жан-жақты дамыған интеллектуалды жастар .....	158
<i>Боранбаев Е.</i> Судың, жемістердің құрамындағы темірдің адам ағзасына әсерін, себебін анықтау .....	161
<i>Близников В. Аметова Р.</i> Проблемы интеллектуальной молодежи в современном и независимом Казахстане.....	163
<i>Бырқия Ш.</i> Қазақстандағы 1916ж. ұлт-азаттық көтеріліс. Жетісудағы орталығы .....	165
<i>Ганиева С.</i> Социализация людей с ограниченными возможностями в контексте современного Казахстана.....	170
<i>Дженсенбаева Ж.</i> Влияние феминизма на социально-экономические и культурные отношения в Казахстане .....	173
<i>Дүйсен А.</i> 1916 жылғы ұлт -азаттық көтеріліске 100 жыл .....	175
<i>Жанкабаева Ж.</i> Влияние стиля педагогического общения на формирование "Я-концепции" младшего школьника .....	177
<i>Жұмабек К.</i> Алоэ осімдігінің ерекшеліктері және емдік қасиеті.....	180
<i>Каримов А.</i> Факторы, влияющие на окружающую среду при добыче нефти.....	182
<i>Крюков А.</i> Числа Фибоначчи.....	183
<i>Кудайбергенов А.</i> Будущее Казахстана – интеллектуальная молодежь .....	185
<i>Қанатбекқызы А.</i> Заманауи қоғамның жаңа моделін дамытуда жастарды жан-жақты жетілдіру және зияткерлікке баулу .....	189
<i>Махамбетсалиев Д.</i> Қазақстандағы сталиндік қуғын-сүргін .....	192
<i>Мичирова Р.</i> Развитие интеллекта школьников современными средствами информационно – коммуникационных технологий на уроках информатики.....	194
<i>Мочалова А., Елинский А.</i> Влияние использования спортивного питания на организм подростков .....	195
<i>Несітбекова З.</i> «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс».....	197
<i>Ниетбай А.</i> Влияние химического и биологического состава кумыса на организм человека.....	200
<i>Ораз Г.</i> Стресс кезінде пайда болатын өзгерістер мен бейімделу үрдісі .....	202
<i>Песоцкая Э.</i> Влияние разных жанров фильмов на психику студентов .....	205
<i>Рахимова С.</i> Ерлігі елу жылдан кейін ғана танылған Бақтығораз Бейсекбаев.....	206
<i>Серик Т.</i> Темекінің химиялық құрамы және адам денсаулығы.....	207
<i>Серікбай А., Райзо А.</i> Қазақтың халқының салт-дәстүрлері?.....	210
<i>Тоқсанбай П.</i> Қожа Ахмет Иассауи хикметтерінің бүгінгі ұрпақ үшін тәрбиелік мәні .....	212

4. Короленко, Ц.П. Идентичность в норме и патологии / Ц.П. Короленко, Н.В. Дмитрисва, Е.Н. Загоруйко. – Новосибирск, 2000.
5. Шнейдер, Л.Б. Профессиональная идентичность: теория, эксперимент, тренинг: учеб. пособие / Л.Б. Шнейдер. – М., 2009.
6. 100 Конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ главы государства Нурсултана Назарбаева. – 6 мая 2015

## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТА ЗАҢДАРЫ

*Курбаналиев Қ.*, 1-курс студенті  
Ғылыми жетекшісі: *Әділқазы С.*  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжі

Құқықтық мемлекет құру мен қоғамды демократияландыру – қайшылықты, ұзақ та күрделі процесс. Бұл біздің жас мемлекетіміздің аяғынан қаз тұру жолынан да жақсы байқалады. Тоталитарлық жүйеден демократиялық қоғам өміріне өту қажеттілігі айқын болған күннен бастап-ақ Қазақстан тұрғындарының алдында ең алдымен Қазақстан мемлекетінің егемендігі мен тәуелсіздігін қорғау міндеті тұрады.

Бұл орайда демократияны дамыту – меншік қатынастарын реформалау мен нарықтық экономикаға өту экономиканы тығырықтан алып шығудың, ұлттық мемлекеттің қалыптасуына қолайлы жағдай туғызудың толассыз жолы. Саяси саладағы басты мақсат – жас егеменді мемлекетті қуатты президентті республика етіп қалыптастыру. Біздің мемлекетімізде барлық азаматтардың теңдігі барлығының заң алдындағы бірдей жауапкершілігі, кімнің қай ұлтқа жататындығына қарамастан, бірдей сендігі әуелден-ақ нақты көрсетілген. Әрине, кейбір жағдайда жергілікті ұлт – қазақтардың мүддесі ерекше ескеріледі. Мұндай жағдайға ұлттық мәдениетті, тілді өркендету, қазақ диаспорасының рухани-мәдени және басқа да байланыстарын қалпына келтіру, олардың өз Отанына қайтып оралуына қолайлы жағдайлар туғызу жатады.

Басқа елдер деңгейімен салыстырмалы түрде алғандағы экономикалық байлыққа қол жеткізудің алғышарты – бүкіл қоғамдық өмірді демократияландырған тұрақты құқықтық мемлекет құру болып саналады.

Құқықтық демократиялық мемлекетте Конституция, яғни біздің қоғам өмірінің Негізгі Заңы аса жоғары мәнге ие. Конституция жобасы Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бастап жасалына бастады. Конституция қабылдаудан бұрын бүкілхалықтық талқылаудан өтті.

Біздің Конституциямыз бойынша Қазақстан халқы егемендіктің иесі, республикадағы мемлекеттік биліктің жалғыз қайнар көзі болып табылады. Республикада тек қазақтар ғана емес, басқа ұлт өкілдері де тұрады. Сондықтан саяси ымыраға келу қажет болғандықтан қазақ халқы өз қамын күйттеумен қатар, жас мемлекетіміздің тыныштығын, оны одан әрі нығайтуды ойлауы керек.

Құқықтық мемлекет құру, қоғамдық өмірді демократияландыру, жалпыұлттық келісім мен ынтымақ Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастықтың лайықты толық мүшесі болып енуінің басты шарты болып табылады.

Республиканың президенті Н.Ә.Назарбаевтың тікелей басшылығымен тәуелсіз Қазақстанның жаңа Конституциясы қысқа мерзім ішінде әзірленді. Ол халық талқылауынан өтіп, референдум арқылы өз күшіне енді.

Жаңа Конституцияның өмірге келуі, жан-жақты сараптамадан өтуі Н.Назарбаевтың атымен тікелей байланысты. Конституцияның бас авторы – Назарбаев Н.Ә деп толық сеніммен айтуға болады.

Конституция Қазақстанның демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде дамуына қолайлы жағдай жасайды. Заңда белгіленген барлық тұжырым, қағидалар өмірдің барлық салаларын өркениетті заң жүзінде басқаруға жағдай жасап отыр.

Еліміздің бұл Негізгі Заңы бірінші рет Қазақстан Республикасын президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет деп жария етті. Бұл мемлекеттің құзырына өз аумағының тұтастығын, сырттан қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз ету толығымен жатқызылады.

Конституцияда демократияның түпкі мәні ерекше айқындалады. "Демократия" деген грек сөзін өз тілімізге аударсақ, халықтың билігі деген мағына шығады. Осы тұжырым қағида Негізгі Заңның үшінші бабында нақты бейнеленген. "Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық" нақты жазылған.

Конституцияда республикадағы мемлекеттік билік біртұтас деп жарияланған. Бұл билік Конституция бойынша үш тармаққа – заң шығарушы, атқарушы және сот жүйесі болып болып дараланған. Мұндағы мақсат билікті біржақты иемденіп кетушілікті болдырмау үшін олардың аражігі



ажыратылып, әрқайсысынан конституциялық өкілеттіктері айқындалған. Олар бір-бірінің ісіне қол сұқпайды, әрқайсысы өз құзырларынша қызмет етеді.

Негізгі Заңда саяси бостандықтарға кең кепілдік берілген. Саяси қозғалыстар Конституция шеңберінде емін-еркін өмір сүріп, қызмет ете алады. Оған ешқандай қысым жасалмайды.

Жаңа Конституцияның тағы бір басты артықшылығы – меншіктердің эралуандығын мойындап, оны заң жүзінде бекітті. Енді Қазақстан республикасында мемлекеттік меншікпен қатар жеке меншік те өз күшіне еніп, заңмен қорғалады.

Негізгі заң меншіктің қызмет аясы мен мақсатын да айқындап берді. Меншік атаулы қоғам игілігіне ғана жұмсалуға тиіс, ол адамзат мүддесіне қарсы қызмет етпеуге тиіс, ол адамзат мүддесіне қарсы қызмет етпеуге тиіс. Сонда ғана меншік иесін қорғауға кепілдік жасалады.

Демократиялық принциптер Конституцияның арнайы "Адам және азамат" атты екінші бөлімінде айқын көрініс тапқан.

**1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің тоғызыншы сессияның 12 отырысында дүниеге жаңа Конституция келді.** Оның басты желісі – дүниежүзілік қоғамдастықта жалпы адамгершілік принциптерді дамыту негізінде Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік және біртұтас мемлекет ретінде дүние жүзіне хабарлау. Алғашқы рет жаңа Ата заңның ең жоғарғы заңдық күші бар және оның нормалары тікелей қолданылды. Сонымен қатар, жаңа Ата заңда мемлекеттік тіл – қазақ тілі, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі, – деп бекітілген. Басқа елеулі өзгерістерді бұрынғы Конституцияларды салыстырып тұжырымдағанда ғана білеміз. Сондықтан біз жаңа Конституциясының құрамдас бөлімдеріне тоқталғанды жөн көрдік. Ол **4 бөліктен (конституцияның преамбуласы "(алғы сөзі); конституциялық құрылыстың негіздері; Ата заңның мәтіні; өтпелі кезең ережелері). 4 бөлімдерден (азамат, оның құқығы, бостандығы мен міндеттер; қоғам, оның құрылыс негіздері; мемлекет, оның органдары мен институттары; конституцияны сақтау кепілдіктері) және 20 тараудан, 126 баптардан құралған.** Мұнда азаматтардың құқықтық жағдайлары жөніндегі мәліметтер оқшауланып, бірінші бөлімде берілсе, ал мемлекеттер оның аппараттары үшінші бөлімде қамтылған. Демек, адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы деген қағидаттан туындаған шығар.

Бұл еліміздің Ата заңы көп ұзаққа бармады. 1993 жылғы жағдайда қабылданған Конституция қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар жүргізуге қарсы тобы мен Қазақ КСР-ін демократиялық оркепиетті қоғамға айналдыру қажеттігін және одан басқа жолдың жоқтығын түсінетін тобы арасында ымыраға баруды көздегені де жасасырын емес.

Соымен қатар, бір қарағанға, қабылдауға тұрарлық қағидаттардың бар болғандығына қарамастан, ол Конституцияның дегенменде социалистік идеологияның саяси және экономикалық зартабынан ақырына дейін айыға алмағаны да аян.

Оның кемшіліктері мен нақтылы әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуалдан алшақтығы бірден-ақ қылаң берді. Онда саяси және құқықтық қатыспаушылықтары еңсеру тетіктерінің болмауы көп ұзамай-ақ атқарушы және заңнамашы органдардың арасындағы қайшылықтардың ұшығуының себебіне айналды. Олардың арасында қайсымыз жоғарымыз дейтін талас ұзын-сонар дауға ұласқаны да белгілі.

Бұған кеңестік сот жүйесінің дағдарысы қосылып, мұның бәрі айналып келгенде мемлекеттік құрылысты жетілдіру, әлеуметтік-экономикалық реформаларды дамыта беру жолында кедергі болып көлденең тұрды.

Өтпелі кезеңнің «алғашқы лектегі» заңдары (1990-1994жылдар) маңызды болды десек те, олар да мемлекеттің қаржылық қауқарымен дәйектелмеген, сол себепті де жүзеге асырылуы екіталай көптеген ұраншыл нызамдардың орын алғаны да белгілі жәйт... Міне, осындай жағдайда жаңа Конституцияның қажеттігі айдан анық еді», - деп тұжырымдаған болатын.

1993 жылғы конституциялық реформаиың Назарбаев танқан негізгі себптері мен алғышарттарына тоқталайық.

Олар Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992жылғы 1 маусымдағы сессиясындағы «Конституцияның жобасы туралы» және 1992 жылғы 9 желтоқсанда өткен сессиясындағы «Республика Конституциясының жобасы және оны бүкілхалықтық талқылаудың қорытындылары туралы» баяндамаларында, әкімшіліктер басшылары мен жергілікті кеңестер төрағаларының 1992 жылы қаршадағы республикалық кеңесіндегі баяндамасында және конституциялық комиссияның өзінде жасаған баяндамалары сөздерінде айтылады.

**Конституция** – бұл тиісті елдің көпшілік азаматтарының мүдделерінде мемлекеттік және қоғамдық өмірдің басты ұстанымдарын бекітетін және мемлекеттің бүкіл құқықтық жүйесінің өзегі болып табылатын нормативтік акт. Конституция мемлекет өмірінің негізгі бастауларын – мемлекеттің



құрылы-сын, саяси және әлеуметтік-экономикалық жүйесінің негіздерін бекітетін, адамның қоғамдағы алатын орнын байқататын мемлекеттің негізгі заңы болып табылады.

Конституцияда адам мен азаматтың табиғи және ажырамас құқықтары байқалады және бекітіледі. Олардың негізінде мемлекеттің құрылымы мен нысаны, билік тәртібі орнығады.

#### **Конституцияның негізгі мәні мынада:**

– Конституция ағымдағы заңнаманың заңи базасын құрайды, яғни Конституцияның заңи жоғарылығы танылады. Бұл дегеніміз, жаңа Конституция қабылданған жағдайда өзге барлық заңнама оған сәйкестендіріледі. Барлық құқықтық актілер оған сәй-кес болуы тиіс, ал мұндай талапқа жауап бермейтін барлық акті-лер заңсыз деп танылады және қолдануға жатпайды;

– сондай-ақ, Конституция – бұл қоғамның барлық топтарының мүдделерін қамтамасыз ететін заң, себебі, Конституция таптан (таптардың мүддесінен) жоғары тұратын, қоғамның барлық мүшелері үшін теңдей міндеттеме белгілейтін құжат болып табылады. Конституция – бұл заңдар үшін заң болып табылады.

Конституция – конституциялық құқықтың негізгі қайнар көзі болып табылады. Конституцияның келесідей белгілері оны өзге құқықтық актілерден айырады:

– ерекше жолмен қабылданылуы. Конституция – халықтың тікелей ерік білдіруінің көрінісі, ол референдум арқылы Қазақ-стан халқымен қабылданған бірден-бір акт болып табылады.

– ерекше тәртіппен қорғалуы. Конституция ерекше қорғала-тын акт болып табылады. Конституцияға сәйкес оны қорғау Конституцияның мызғымастығының кепілі ретінде Президентке, конституциялық қадағалау органы – Конституциялық Кеңеске жүктелген. Сонымен қатар, Республика Конституциясын сақтау әркімнің конституциялық міндеті болып табылады.

– қоғамның барлық субъектілеріне бағытталуы. Конституция бірмезетте қоғамның барлық субъектілерінің жүріс-тұрысын реттейді, ал өзге құқықтық актілер қоғамның нақты бір субъектілеріне арналып шығарылады. Мысалы, сайлау туралы заң тек сайлау қатынасына қатысушылардың, азаматтық туралы заң азаматтық қатынасына түсушілердің ғана жүріс-тұрысын реттейді, т.б.

– конституциялық реттеу пәнінің ерекшелігі. Конституция қоғамның ең негізгі, фундаменттік қатынастарын реттейді. Ол қатынастарға жалпы қамтушылық сипат тән.

– күрделендірілген тәртіпте өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі. ҚР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу ерекше күрделі тәртіпте жүзеге асырылады. Ол екі түрлі жолмен жүргізілуі мүмкін: Парламентпен және республикалық референдум арқылы. Парламент Конституцияға өзгертулер мен толықтыруларды Президенттің бастамасы бойынша әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшіннің көпшілік даусымен енгізеді. Конституцияға өзгертулер мен толықтыруларды референдум арқылы енгізу тәртібі Конституцияның 91 бабында реттелген.

– Конституцияға құрылтайшылық сипат тән. Конституцияда басқа актілердің көптеген түрлері анықталады. Онда құқықтық актілердің аты, олардың заңдылық күші, қабылдану, күшін жою және жариялау тәртібі белгіленеді;

– Конституция келесідей заңи қасиеттеріне ие:

1. *Конституцияның жоғарылығы* – оның нормаларына, қағидаларына бүкіл мемлекеттік, қоғамдық құрылымның, азаматтардың қоғамның барлық салаларындағы қызметтері сай келуі тиіс;

2. *Жоғары заңи күші* – мемлекетте қабылданған барлық заңдар мен өзге нормативтік актілер Конституцияға қайшы келмеуі керек;

3. *Тікелей қолданылуы*. Бұл Конституцияның негізінде қандай да бір мәселелер бойынша нақты салалық нормалардың шығарылғанына немесе шығарылмағанына қарамастан оның нормаларының тікелей қолданыла беретінін білдіреді.

4. *Бүкіл құқықтық жүйенің ядросы* болып табылатындығы – Конституция бүкіл құқық жүйесінің ядросын құрайтын нормаларды белгілейді, оның нормалары ағымдағы заңнаманың барлығы үшін бағыт беруші, фундаменттік рөл атқарады;

5. *Базалық мәні*, яғни Конституция ағымдағы заңнама, заң шығару қызметі үшін база болып табылады, заңдар және басқа нормативтік актілер Конституцияның негізінде қабылданады, өзгертіледі және күшін жояды.

#### **Конституцияның функциялары:**

**Құрылтайшылық функция.** Бұл функция Негізгі заңымыздың мемлекеттің конституциялық құрылысының, саясатының негізгі қағидаларын және бастауларын бекітетінін көрсетеді. Конституция азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін бекітеді, сондай-ақ біздің қоғамымызға тән меншік нысандарын бекітеді. Қоғамдағы барлық құқықтық қатынастар реті Конституциямен анықталады және одан туындайды. Қазақстан Республикасының негізгі заңының құрылтайшылық функциясын осыдан байқауға болады.



Ұйымдастырушылық функция. Конституция барлық мем-лекеттік органдардың жүйесін, басты функцияларын және қызметінің нысандарын бекітеді, яғни Конституция бүкіл мемлекеттік механизмнің жергілікті өзін-өзі басқарумен үйлесімдікке тиімді, ұйымдық түрде қызмет етуінің негіздерін қалайды.

Құқықтық функция. Конституция бүкіл құқықтық жүйенің ядросы ретінде болады, түрлі құқық салалары үшін негіз болып табылатын маңызды қағидаларды белгілейді, түрлі құқық сала-ларын біртұтас құқықтық жүйеге біріктіреді.

Сыртқы саяси функция. Ол Конституцияның мемлекеттің сыртқы саяси қызметінің де фундаменті ретінде болатындығын білдіреді, Конституция Қазақстанның сыртқы қатынаста ұстанатын негізгі қағидаларын белгілейді.

#### **Конституцияның негізгі түрлері:**

1. Нысаны бойынша: *жазылған* – мазмұны әріптермен, басқа да белгілермен жазылған мемлекеттің негізгі заңы. Өз кезегінде олар кодификацияланған немесе заңдар жинағы түрінде болуы мүмкін. *Жазылмаған* – бір құжатқа жинақталмаған, мазмұны жазбашамен қоса ауызша сипаттағы ережелерден де құралған Конституция.

2. Конституцияларды өзгерту және жою әдістеріне қарай: *қатты Конституция* – ерекше күрделендірілген тәртіппен өзгертіліп, толықтырылатын конституция, *жұмсақ Конституция* – жай заң қабылдау тәртібінде, яғни жеңіл тәртіппен өзгертіліп, толықтырылатын конституция;

3. Қабылдау тәртібі бойынша: 1) *октроированная Конституция* – сыйға тартылған конституция, 2) *халықтық Конституция*. Оның үш түрі бар: референдумда қабылданған конституция; өкілді органмен (Парламентпен) қабылданған конституция және арнайы құрылған органмен қабылданған конституция (м/ы АҚШ Конституциясы).

4. Мәні бойынша: *шынайы* – нормалары өмірде жүзеге асатын, шындыққа сай келетін конституция, *шынайы емес* – шындықпен үйлеспейтін, ережелері тек жазылған күйде ғана қалатын конституция;

5. Әрекет ету мерзімі бойынша: *тұрақты* – әрекет етуі шек-сіз ұзақ мерзімге есептелген конституция, *уақытша* – әрекеті нақты мерзімге есетелген конституция, т.б.

Қазақстан Республикасының Конституциясының дамуы бірнеше кезеңнен өтті. Оның келесідей 3 кезеңін көрсетуге болады:

1) Қазақстан егемендік алғаннан (25.10.1990ж) 28 қаңтар 1993 жылға дейінгі Қазақ ССР Конституциясы кезеңі;

2) 28 қаңтар 1993 жылдан 30 тамыз 1995 жылға дейінгі аралықты қамтитын тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясы кезеңі;

3) 1995 жылдың 30 тамызынан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстанның екінші Конституциясы кезеңі.

Қазақстан Республикасының қазіргі конституциясы бесінші Ата заң (1926, 1937, 1978, 1993, 1995 жж.). Кейінгі екеуінің алдыңғылардан елеулі айырмашылығы сол – олар тұңғыш рет мемлекеттік тәуелсіздікті, егемендікті және Қазақстан халқының толық билігін бекітіп, одан әрі орнықтырады.

#### **1993 жылғы Конституцияның қабылдану себептері:**

1. ҚР-ның шынайы егемендік фактісін конституциялық тұрғыда бекіту қажеттігі;

2. адам мен азаматтардың неғұрлым кең құқықтары мен бостандықтарын конституциялық тұрғыда бекемдеу;

3. экономикалық себеп – меншіктің алуан түрлілігіне негізделген экономикалық жүйені бекіту;

4. саяси жүйе мен мемлекеттік тетік құрылымында жүріп жатқан сапалық өзгерістерді конституциялық тұрғыда бекіту;

5. сапалық жағынан өзге құқықтық жүйе жасау.

1993 жылғы Конституцияның кемшіліктері 1995 жылғы Конституцияны қабылдауға себеп болды.

#### **1995 жылғы Конституцияның қабылдану себептері:**

1. Орыс тілінің мәртебесін айқындау;

2. Жерге жеке меншік бекіту мәселесі;

3. Азаматтық мәселесі;

4. Жеке адамдардың құқықтары мен бостандықтары жүйесін кеңейту, халықаралық деңгейге көтеру мәселесі;

5. Жоғары өкілді органның құрылымын жетілдіру және оның құқықтық өкілеттігін айқындап беру;

6. Үкіметтің мәртебесі мен оның өкілеттігі туралы мәселе;

7. Сот жүйесін реформалау;

8. т.б.

Қазақстан Республикасының соңғы Конституциясына екі рет түзетулер енгізілді: 1998 жылы 7 қазанда және 2007 жылы 21 мамырда.

Президенттің ұсынысына сәйкес 1998 жылғы 7 қазанда “Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” заң қабылданды. Жалпы алғанда бұл заңмен



Конституцияға он жеті түзету енгізілді. 1995 жылғы Конституцияға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар сайлау жүйесін жетілдіру, Президенттің өкілеттігі уақытынан бұрын тоқтатылған жағдайда биліктің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін Сенат пен Мәжілістің рөлін көтеру, партиялық тізімдер бойынша сайланатын депутаттар ретінде саяси партиялардың өкілдерінің Парламентке қатысуын кеңейту мәселелеріне байланысты болды. Бұл заң саяси партиялардың да саяси және мемлекеттік өмірдегі, саяси жүйені нығайтудағы рөлін біршама көтерді, олардың халық алдында беделін жоғарылатты, бірінші рет сайлау жүйесіне бара-бар өкілдік қағидасын енгізді. Заңға сәйкес Мәжіліс депутаттарының саны 77 депутатқа дейін жеткізілді, оның ішінде 10 депутат бара-бар өкілдік жүйесі бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланатын болды.

2007 жылдың 21 мамырында ҚР Конституциясына екінші рет өзгертулер мен толықтырулар енгізген тиісінше заң қабыл-данды. Конституциялық реформа Негізгі заңымыздың ешбір бөлімін сырт айналып кеткен жоқ, өзгертулер мен толықтырулар Конституцияның барлық бөлімдеріне енгізілді. Нақтырақ түрде біркатарына тоқталсақ, жаңа елорда – Астана конституциялық мәртебеге иеленді, Конституцияға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар адам және азаматтың құқықтары мен бостандық-тарын қорғау тетігін нығайтты, бірінші рет конституциялық деңгейде Қазақстан халқы Ассамблеясының мәртебесін бекітті, саяси партиялардың рөлін көтерді, Парламенттің және Мәжілістің құқықтарын кеңейтті, халық өкілдігінің маңызын көтерді, Конституциялық Кеңестің қызметін мәнді түрде кеңейт-ті, Үкіметтің Парламент алдындағы жауаптылығын көтереді, жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын органдардың жүйесі нақты анықталды және т.б.

Конституцияға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар және жаңартылған тұтастай Конституция мемлекеттік механизмді, қоғамдық бір-лестіктерді, бүкіл саяси жүйені, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың қағидаларын, бүкіл азаматтық қоғам мен мемлекетті, республиканың құқықтық жүйесін жаңартудың жаңа кезеңінің басталуына негіз қалады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан республикасының Конституциясы. Алматы 1993 ж.
2. Қазақстан республикасының Конституциясы. Алматы 1995 ж.
3. Нысанбаев Ә. "Жалпы ұлттық келісім және демократиялық даму". Егеменді Қазақстан газеті. 1997 жыл. 25-26 наурыз.
4. Қалмырзаев Ә. Халықтың қуаты бірлікте. "Ата-заң арналары". Егеменді Қазақстан газеті. 1998 жыл. 27-тамыз.
5. Сапарғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы: Академиялық курс. Өңделіп, толықтырылған, 2-басылымы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2004.-480 бет.
6. Черняков А.А. Конституционное право Республики Казахстан. – Алматы: Әділет Пресс. 1997. 321-бет.
7. Қазақ хандығының және қазақ халқының құрылуы: Қасым хан туралы // Жолдасбайұлы с. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан.- Алматы, 1995.- Б.151-154.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Қымыз Л., 2-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Тлепова Г. Д.

Халықаралық бизнес және коммуникация колледжі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымындағы соңғы жиырма бес жылда болып өткен сапалы өзгерістер оларға жаңаша ғылыми көзқарас тұрғысында баға беруді қажет етеді. Кез келген мемлекет үшін сот билігінің дұрыс қалыптасуының маңызы зор. Ал, мемлекеттік тәуелсіздігін жариялап, дербес, зайырлы жаңа қоғамдық құрылыстың негізін қалай бастаған жас Қазақстан мемлекеті үшін сот билігі қай бағытта, қандай мазмұнда жазылып, іске асырылуы тіпті де аса қажеттілік екені белгілі. Осындай қажеттіліктерді игеру мақсатында қолданыстағы нормативті құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы сот-құқықтық реформаның жүзеге асырылып келе жатқаны белгілі.

Осыған байланысты жалпы сот-құқықтық реформа мен Қазақстандағы осы заманғы сот-құқықтық реформаны теориялық жағынан зерттеу, оның ішінде ұғымы мен мәнін, тұжырымдамалық аспектілерін талдау және ашып көрсету аса маңызды, әрі өзекті. Осындай жағдайда сот билігінің негізгі институттарын теория мен тәжірибе мәселелерінде зерттеп тану айрықша маңызға ие болып отыр.

ҚР құқық қорғау қызметі мен сот билігі қызметінің теориялық және әдістемелік негіздерін және Қазақстан Республикасы сот билігінің конституциялық-құқықтық негіздерінің қазіргі ережелерін, қазақстандық қоғамды демократияландыру жағдайында сот билігін әрі қарай жетілдіру мәселелерін қарау, бүгінгі тақырыптың мақсатына айналып отыр.

Осы қойылған мақсаттарға сәйкес, келесі міндеттерді шешу көзделеді: